

Қазақстан Республикасының экологиялық аудандарға бөлінуін реттеу жөніндегі шұғыл шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 29 маусым 1993 ж. N 548. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының айналадағы орта тіршілікке қолайсыз болып келетін аймақтарының ғылыми негізделген шекараларын айқындау, экологиялық жағдайы қысылтаяң аудандардағы табиғи ресурстарды қалпына келтіру және оларда тұратын халыққа арналған қорғау-оңалту шараларын жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік шараларды түзуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясымен, Қазақ ауыл шаруашылық ғылымы академиясымен, мүдделі министрліктермен, ведомстволармен және ұйымдармен, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен бірлесіп әзірленген республика аумағын экологиялық аудандарға бөлу бағдарламасының жобасын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына 1995 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде е н г і з с і н .

2. Экологиялық аудандарға бөлу жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру Республикалық қоршаған ортаны қорғау қоры қаражатының есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.05.14. N 434 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясымен, Қазақ ауыл шаруашылық ғылымы академиясымен, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен, Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі Бас басқармамен бірлесіп:

1993 жылдың IV тоқсанында 2000 жылғы кезеңге дейін тозығы жеткен аумақтарды қоса республиканың аудандары бойынша айналадағы табиғи ортаға түсетін антропогендік ауыртпалықтың жол беруге болатын өлшемдерін

белгіленген тәртіппен әзірлеп бекітсін;

табиғи ортаның мониторингтік және диагностикалық ахуалының бірыңғай ұйымдық-техникалық жүйесін қалыптастыруды, табиғат қорғау құрылыстарын салуды және қайта жаңартуды, табиғатты қалпына келтірудің кешенді шараларын жүзеге асыруды ескере отырып, табиғатты ұтымды пайдаланудың, Ұлттық бағдарламасының құрамдас бөлігі ретіндегі республика аумағын экологиялық оңалтудың ғылыми негізделген мемлекеттік бағдарламасының жобасын 1994 жылдың II тоқсанында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына енгізсін.

4. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп, жергілікті бюджет қаражатының есебінен экологиялық жағдайдың ушығуына байланысты ведомстволық бағыныстағы аумақтың жекелеген аудандары үшін әлеуметтік жеңілдіктер мен өтемдердің нормаларын белгілеу ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі